

Дербес деректерді өңдеуге келісім (бұдан әрі мәтін бойынша – «Келісім»)

Осы Келісімге қосыла отырып және www.alidi.kz сайтында өзінің дербес деректерін қалдыра отырып (бұдан әрі мәтін бойынша – «Сайт»), Сайтқа кіруші (бұдан әрі мәтін бойынша – «Пайдаланушы») өз еркімен және өз мүддесі үшін, ерікті түрде әрекет ете отырып, БСН: 160240033817, заңды мекенжайы: 050030, ҚР, Алматы қ., Түркісіб ауданы, Сүйінбай даңғы.,

258В орналасқан «АЛИДИ логистикалық компаниясы» ЖШС сайтының иесіне (бұдан әрі - «Оператор») өзінің дербес деректерін өңдеуге, атап айтқанда: «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңында көзделген автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе мұндай құралдарды пайдаланбай, Оператор жасайтын кез келген әрекеттерге (операцияларға) немесе әрекеттер (операциялар) жиынтығына, оның ішінде, аталған дербес деректерді үшінші тұлғаларға осы Келісімнің мақсатына қол жеткізу үшін қажетті көлемде, дербес деректерді рұқсатсыз кіруден қорғауды қамтамасыз ететін шараларды сақтай отырып, жинауға, жазуға, жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға, нақтылауға (жаңартуға, өзгертуге), алуға, пайдалануға, бұғаттауға, жоюға, түпкілікті жоюға, табыстауға (таратуға, ұсынуға, қол жеткізуге) келісімін білдіреді. Сайттағы жұмысын жалғастыра отырып, Пайдаланушы Операторға өзінің келесі дербес деректерін өңдеуге келісімін білдіреді:

- тегі, аты, әкесінің аты;
- телефон нөмірі;
- электрондық поштаның мекен-жайы (e-mail);
- Пайдаланушы Сайтта қалдырғысы келетін Пайдаланушының жеке басына қатысты кез келген ақпарат;

Оператор Сайт Пайдаланушысының ұсынатын дербес деректерінің дұрыстығын тексермейді. Оператор тікелей Пайдаланушы ұсынған дербес деректерді алады.

1. Мұнымен, Пайдаланушы:

- Өзінің веб-нысан өрістерінде көрсеткен барлық деректерінің өзіне тиесілі екенін және Пайдаланушы ұсынған өзге тұлғалар туралы мәліметтерді көрсеткен жағдайда, ол 2013 жылғы 21 мамырдағы "Дербес деректер туралы" Қазақстан Республикасының № 94-V Заңының негізінде, Операторға осы тұлғалардың келісімімен дербес деректерді беретінін, сонымен қатар, заңды мүдделер мен қызмет көрсету құқықтарын жүзеге асыру үшін Пайдаланушының дербес деректерін кез келген үшінші тұлғалардан алуды растайды.

- Оператордың, төменде көрсетілген мақсаттарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен дербес деректермен жекелеген іс-әрекеттер жасауды үшінші тұлғаларға оларды өңдеу кезінде дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және дербес деректердің жария етілуіне жол бермеуге міндеттенетін Шартпен тапсыруға құқығы бар екендігіне өзінің келісімін білдіреді. Бұл ретте, мұндай үшінші тұлғалардың Оператор жүзеге асыруға құқылы әрекеттерге ұқсас Пайдаланушының дербес деректерімен әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға құқығы бар.

- Пайдаланушымен келісімдер мен шарттарды орындау мақсатында, Операторға өзінің дербес деректерін үшінші тұлғаларға беруге келісімін береді.

- Оператордың серіктестерінің Сайты арқылы ақпараттық деректерді алуға келіседі, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, пошта, телефон, электрондық пошта арқылы.

- Оператордың серіктестеріне Сайтты пайдалану шеңберінде де, осындай пайдалану салдарынан жасалуы мүмкін шарттар бойынша да міндеттемелерді бірлесіп орындау бойынша өзінің дербес деректерін АЛИДИ Тобының кез келген компаниясына беруге келісімін береді.

2. Пайдаланушылардың дербес деректерін өңдеу сауалнаманы (кері байланыс нысанын) толтыру арқылы алынған өтініштерді өңдеу мақсатында жүзеге асырылады.

3. Оператор Пайдаланушының дербес деректеріне заңсыз қол жеткізуден немесе ашудан қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді. Пайдаланушының дербес ақпаратына қатысты оның құпиялылығы сақталады.

4. Пайдаланушы осы Келісім, сондай-ақ осы Келісім мақсатында оларға берілген дербес деректер автоматтандыру құралдарын, оның ішінде ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде пайдалана отырып өңделетінімен келіседі.

5. Осы Келісім Пайдаланушы дербес деректерді өңдеуге Келісім мәтінінің жанындағы чек-бокста келісім белгісін қою арқылы дербес деректерді өңдеуге келісім білдірген сәттен бастап күшіне енеді және дербес деректерді өңдеу мақсаттарына қол жеткізгенге дейін немесе оны қайтарып алған сәтке дейін қолданылады.

6. Келісімді "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының № 94-V Заңында белгіленген тәртіппен, Операторға төмендегі мекенжайға жазбаша ресми сұрау салу жолымен кез келген уақытта кері қайтарып алуға болады: 050030, ҚР, Алматы қ., Түркісіб ауданы, Сүйінбай даңғы., 258В ғим.. Бұл ретте Пайдаланушыға сервис немесе Сайттың функционалын ұсыну тоқтатылуы мүмкін.

Операторға ресми сұрау жіберілген жағдайда, мәтінде мыналарды көрсету қажет:

- дербес деректер субъектісінің тегі, аты, әкесінің аты;

- субъектінің Оператормен дербес деректер қатынастарының болуын растайтын мәліметтер (электрондық пошта мекенжайы, шарт немесе өзге құжат);

- дербес деректер субъектісінің қолы.

Сұрау Операторға alidi.kz@alidi.com электрондық пошта мекенжайына электрондық құжат нысанында жіберілуі мүмкін және ҚР заңнамасына сәйкес электрондық қолтаңбамен қол қойылуы мүмкін.

7. Пайдаланушы ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда Оператордың дербес деректерді өңдеуді оның келісімінсіз жалғастыруға құқылы екендігі туралы хабардар.

8. Оператор кез келген уақытта өзінің Сайтында Келісімнің жаңа мәтінін жариялау арқылы осы Келісімге біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге құқылы. Өзекті редакциясына өзгерістер енгізу кезінде соңғы жаңартылған күні көрсетіледі. Келісімнің жаңа редакциясы, егер Келісімнің жаңа редакциясында өзгеше көзделмесе, оны орналастырған сәттен бастап күшіне енеді.